



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

Тамыз 2022


---

2022 жылдың тамыз айында жылдық инфляция 16,1%-ға жетіп, қарқынын тоқтатқан жоқ. Айлық инфляция 1,4% құрады. Азық-түлік тауарларында нантақаш өнімдері мен жарма, сүт өнімдері, қант, жұмыртқа, май мен тоң майдың инфляциясы да қарқынын үдете түсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында оқу жылының басталуына байланысты кеңсе тауарлары, балалар киімі мен аяқ киімнің бағасы айтарлықтай өсті. Ақылы қызметтерден – тұрғын үйді жалдау, электр қуаты және қоғамдық тамақтандыру қызметтері қымбаттады.

Инфляциялық процестер Ұлттық Банктің нысаналы дәлізінен жоғары қалыптаса отырып, қарқын алуын жалғастыруда. Инфляция айлық мәнде шілдедегі 1,1%-дан тамызда 1,4%-ға дейін жеделдеді, жылдық мәнде өсім 16,1%-ды құрады (2022 жылғы шілдеде – 15%).

Айлық маусымдық тазартылған инфляция тамыз айында 1,8% деңгейінде қалыптасты, маусымдық түзетусіз жалпы инфляциядан 0,4 п.т. асып түсті (2022 жылғы шілдеде – 0,3 п. т.). Бұл асып кетудің негізгі себебі жазғы кезеңде жемістер мен көкөністер бағасының маусымдық төмендеуі болды, бұл, жалпы индекске дефляциялық қысым көрсетеді.

График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Шілде айындағы баяулаудан кейін әртүрлі әдіске сәйкес есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляция<sup>1</sup> үдеу траекториясына қайта оралды. Базалық инфляция жалпы инфляциядан асып түседі. Бұл жеміс-көкөніс өнімдерінің маусымдық арзандауынан басым болатын тауарлар мен қызметтердің кең жиынтық бағасының тұрақты өсуін көрсетеді.

<sup>1</sup> Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.


График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

**Азық – түлік тауарлары** 2022 жылғы тамызда жылдық мәнде 20,8%-ға (2022 жылғы шілдеде – 19,7%-ға) қымбаттады. Өткен жылғы егіннің аздығынан бидай қоры жеткіліксіз болғандықтан нан-тоқаш өнімдері азық-түлік тауарларының жылдық инфляциясына едәуір үлес қосып келеді. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының неғұрлым жоғары өсуі нәтижесінде сүт өнімдеріне бағаның өсуі жеделдеді. Жоғары сұраныс пен шектеулі ұсынысқа байланысты қант бағасының жылдық өсімі 91,9% құрады. Жұмыртқа, май және тоң май бағасы да тез өсті.


График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

**Азық-түлік емес тауарлар** инфляциясы 2022 жылғы тамызда 15,5%-ға дейін (2022 жылғы шілдеде – 14,2%) жеделдеді. Мектеп жылының басталуына дейін балалар аяқ киімі мен киімдеріне, сондай-ақ кеңсе тауарларына бағаның айтарлықтай өскені байқалды. Сонымен қатар, жеке тауарлардың, тұрмыстық заттар мен дәрі-дәрмектің бағасы қарқындап өсті.


График 4. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын жылдық инфляцияға үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

**Ақылы қызметтер** инфляциясы тамызда 10,1%-ға дейін (2022 жылғы шілдеде – 9,2%) жеделдеді. Оқу жылының басталуы аясында, әсіресе, Алматы қаласында сұраныстың артуынан жайлы тұрғын үйді жалға беру қызметі қымбаттады. Қоғамдық тамақтану қызметінің де қымбаттағаны байқалды. Нұр-Сұлтан қаласында қуат өндіруші компаниялардың тарифтерін қайта қарауға байланысты электр қуатының құны өсті. Әуе тасымалы қызметінің бағасы айтарлықтай төмендеді.

График 5. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


## Өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығындағы баға өсмінің баяулауы

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының жылдық өсімі 2022 жылғы тамызда 13,6%-ға дейін (2022 жылғы шілдеде – 16,4%) баяулады. Азық-түлік өнімдерінде ет пен сүт өнімдерін, қант, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілер бағасының өскені байқалды, ал май мен тоң майды өндіру құны өсу тұрғысынан, керісінше, баяулады. Есесіне, фармацевтикалық өнімдер мен жиһаз өндірушілер бағасының өсуі жеделдеді.

Тамыз айында өндіріс құралдарының қымбаттауы тұтынушылық бағаларға проинфляциялық тұрғыда әсер етті, ал аралық тұтыну өнімдеріне бағаның өсуі баяулады.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің бағасы 2022 жылғы тамызда өсімдік шаруашылығы өнімінің астығын жинау кезінде басым түрде жылдық мәнде 21,7%-ға дейін (2022 жылғы шілдеде – 22,1%-ға) баяулады. Өсімдік шаруашылығында жаңа піскен көкөніс пен жем-шөп дақылдары бағасының аздап өскені сезілді. Мал шаруашылығында үй құсы мен шикі сүт бағасы қарқын ала өсті.

График 6. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар

